

## Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 22)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Трансиллюминатор	<p>Ультракүлгін спектрлі трансиллюминатор флуоресценттік бояғыштарды қамтитын үлгілерді ультракүлгін сәулелену арқылы визуализациялауға арналған. Жабдық біркелкі әрі қарқынды жарықтандыруды қамтамасыз етеді, нәтижесінде гельдер мен басқа да материалдардың анық әрі контрастты бейнесін алуға мүмкіндік береді. Лабораториялық жағдайларда қауіпсіз және ыңғайлы жұмыс істеуге бейімделген.</p> <p><b>Техникалық сипаттамалары</b></p> <p>Түрі: гельдерді УФ-спектрде визуализациялауға арналған трансиллюминатор. Қолданылуы: ДНҚ, РНҚ және ақуыздық гельдерді флуоресценттік бояғыштармен (мысалы, Этидий бромиді, SYBR Green, SYPRO Ruby және т.б.) бояғанда визуализациялау. Жарық көзі: жоғары қарқындылықтағы ультракүлгін лампалар. УФ-сәулеленудің толқын ұзындығы: 312 нм (орташа толқынды сәулелену). Жұмыс бетінің өлшемдері: 21 × 21 см. Экран материалы: УФ-фильтрі бар шыңдалған шыны. Жарықтандыру қарқындылығы: реттелетін (2 деңгейлі). Құрылымы мен қауіпсіздігі. Корпус материалы: коррозияға қарсы жабындысы бар алюминий. Қорғаныс экраны: көзді УФ-сәулелену қорғау үшін фильтр. Автоматты ажыратқыш: бар (артық сәулеленуді болдырмау үшін). Салқындату жүйесі: пассивті салқындату (қызып кетудің алдын алу үшін). Электрқорек және пайдалану параметрлері. Электрқорек: 100–240 В, 50/60 Гц. Қуат тұтыну: ≤80 Вт. Габариттері (Е × Т × Б): шамамен 320 × 280 × 120 мм. Салмағы: шамамен 6 кг. Жұмыс температурасы: +10°С...+40°С. Салыстырмалы ылғалдылық: 80%-ға дейін (конденсациясыз).</p> <p><b>Функционалдық мүмкіндіктері</b></p> <p>Ультракүлгін трансиллюминатор ДНҚ, РНҚ және ақуыздық гельдерді флуоресценттік бояғыштармен бояғаннан кейін анық визуализациялауға мүмкіндік береді. Жарықтың жоғары қарқындылығы және реттелетін қуаты жұмыс шарттарын икемді баптауға, үлгілердің фотодеструкциясын азайтуға мүмкіндік береді. Артықшылықтары</p> <p>Бейнелердің жоғары анықтығы мен контрастылығын қамтамасыз етеді, бұл талдаудың дәлдігін арттырады. Қолдануда қарапайым және бар зертханалық процестерге оңай біріктіріледі. Жоғары сапа стандарттарына сай сенімді және ұзақ мерзімді құрылғы.</p>	2
	Барлығы		2

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры



А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова



### ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауарды жеткізу тауар құнына енгізілуі тиіс монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқытумен міндетті түрде жүзеге асырылады.

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

**Төлем шарттары:** алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 50%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл

қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

**Жеткізу уақыты:** тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.